ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 тамыз №5265-23-00-2/1851 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Л.Н.Калдиеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласы «№59 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Пернебай Есқали Ерғалиұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 18 қаңтар №12-2023 шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 28.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.10.2023, судья Калдиева Л. Н., 14.10.2023
5265-23-3-1/2032

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласы «№59 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Пернебай Есқали Ерғалиұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Пернебай Есқали Ерғалиұлынан мемлекеттің пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 28.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.10.2023, судья Калдиева Л. Н., 14.10.2023

5265-23-3-1/2032